



«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының облыстық кезеңін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауын өткізу ережелері (бұдан әрі – Көрме-байқау) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет көрсету, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Міндеттері:

1) білім алушыларды көркем өнерге, тарихи мұраға араластыру, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту, әлеуметтендіру;

2) балалар шығармашылығының көркем және қолданбалы-сәндік өнеріне деген қызығушылықтарын дамыту;

3) заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі халық дәстүрін сақтау және елдің мәдени-тарихи мұрасын арттыру;

4) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы оларды қосымша білім берумен қамтуды кеңейтуге ықпал ету.

4. Абай облысы білім басқармасы) ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК **кашықтық форматта** өткізеді.

5. Көрме-байқауды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамдарын қалыптастырады, Көрме-байқауды өткізеді және қорытындысын шығарады.

2. Көрме-байқауды өткізу уақыты мен орны

6. Аудан/қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім, сондай-ақ Көрме-байқаудың жұмыстары **korkem.daryn@mail.ru** электронды поштасына **2024 жылғы 25 наурызға** дейін қабылданады.

7. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған Т. А., туған жылы, сыныбы, оқу орны, білім беру ұйымының мекенжайы мен үйі мекенжайы, телефоны);

- 2) топ жетекшісінің Т. А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;
- 3) электрондық нұсқадағы байқау жұмыстары.

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығы үшін жіберуші тарап жауапты болады.

8. Көрме-байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары **2024 жылғы 7 сәуірде <https://abaidaryn.kz/ru/> сайтында** орналастырылады.

9. Көрме-байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Көрме-байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

3. Көрме-байқау қатысушылары

10. Көрме-байқауға аудандық, қалалық кезеңдердің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 11-17 жастағы білім алушылары қатысады.

4. Көрме-байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

11. Балаларды іс-шараларға қатыстыру арқылы көркем, сәндік-қолданбалы шығармашылықты дәріптеу, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін Көрме-байқау екі кезеңде өткізіледі:

- 1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:
мектепшілік; аудандық
(қалалық);
облыстық.

- 2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық.

12. Көрме-байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық) білім бөлімдермен реттеледі.

13. Көрме-байқау санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.

14. Көрме-байқауға әр түрлі жанрда, техникада және материалда орындалған авторлық (жеке) туындылардың фотосуреттері қабылданады: әр қатысушыдан 1 жұмыстан қабылданады (бір бала бір номинацияға қатысады):

1) *тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, бисер, батик, киіз басу, құрақ пластикасы;*

2) *ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш);*

3) *металды көркемдеп өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу;*

4) *ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау;*

5) *ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау;*

6) *қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-*

маше;

7) ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн-жобасы: үйлер, бөлмелер, саяжайлар, ландшафт және т. б.

Барлық номинациялар бойынша жұмыстар түпнұсқаны сканерлеу немесе фотоға түсіру жолымен немесе компьютерлік графикалық редактордың көмегімен орындалған электрондық көшірмелер (графикалық файлдар) түрінде қабылданады.

Файл параметрлері: jpg немесе png форматы. Қосымша материал ретінде жұмыс жасау процесін көрсететін фотосуреттер ұсынылады. Міндетті түрде: жұмыстың аталуы, орындау техникасы, қажет болған жағдайда – мазмұнын түсіндіру.

15. Бағалау өлшемдері:

жұмыстың Көрме-байқау номинациясына сәйкестігі; ұлттық

дәстүрлерді сақтау және қолдану;

жұмыстың орындалу сапасы және көркемдік деңгейі;

ерекшелігі;

бұйымның стильдік, көркемдік және образдың шешімінің тұтастығы;

фотоның сапасы және анықтығы.

16. Жұмыстардың заттанбасы (этикеткасы) болуы тиіс: жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының аталуы. Заттанбасының анық фотосын қоса тіркеу қажет.

5. Көрме-байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Кәсіби қазылар алқасы Көрме-байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша байқаудың бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен ресімделеді.

19. Көрме-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады. Қатысушыларға Көрме-байқауға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Анықтама телефоны: 8 701 338 40 55

«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының облыстық кезеңіне қатысуға өтінім

Жұмыстың атауы	Қатысушының Т. А.	Туған күні	Тұрғылықты мекен-жайы, электрондық пошта, телефон	Білім беру ұйымы, сынып	Жетекшінің байланыс телефоны, электрондық поштасы
Тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу, құрақ пластикасы					
Ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш)					
Металды көркем өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу; ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формада мүсіндер жасау					
Ағаштан, тастан, саздан (қыш, саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау					
Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау					
Қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше					
Ұлттық нақыштағы интерьердің ерекше дизайн-жобасы: үйлер, бөлмелер, саяжайлар, ландшафт және т. б.					